

## **2009 жылғы 1 маусымдағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2009 жылғы 1 маусымда республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия 2009 жылғы мамыр айында берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, оның ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен қатар, қорларға кастодиандық қызметті 7 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 1 616,0 млрд. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасымен 9 567 355 болды. 2009 жылғы мамыр айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 40 179-ға (0,4%-ға) азайды, зейнетақы қаражаттары өз кезегінде 50,5 млрд. теңге (3,2%) өсті.

2009 жылғы 1 маусымда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» - 25,0%, «Қазақстан Халық Банкі» - 22,1%, «ҰларҮміт» – 13,4% және «БТА Қазақстан» - 10,8% немесе олардың үлесіне барлық қорлардың салымшыларының жалпы санының 71,3% келеді. 2009 жылғы мамыр айында 4 қор бойынша үлесі 0,2 пайыздық тармаққа азайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 2009 жылғы 1 маусымда 902,9 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасымен 40 617 болды. 2009 жылғы мамыр айында ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 40-қа (0,1%-ға) өсті, зейнетақы қаражаттар сондай-ақ 4,8 млн.теңгеге (0,5%) өсті.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 72,0 млн. теңгемен 4 071 болды. Ағымдағы жылғы мамырда ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 10,0 (0,2%) азайды, зейнетақы қаражаттары өз кезегінде 3,5 млн. теңге (5,1%) өсті.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты бір жыл ішінде 274,5 млрд. теңгеге, оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 200,7 млрд.теңгеге өсіп, 2009 жылғы 1 маусымда 1 621,2 млрд.теңгені құрады. 2009 жылғы мамырда салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 50,6 млрд. теңгені (3,2%-ға) құрады.

Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі ағымдағы жылдың басынан бастап 117,3 млрд. теңгеге (9,9%) өсіп, оның ішінде ағымдағы жылдың мамыр айында 24,5 млрд. теңге (1,9%) болды, 2009 жылғы 1 маусымда 1 302,0 млрд.теңгені құрады. Бір жылда зейнетақы жарналарының орташа айлық түсімдері 23,8 млрд.теңге болды немесе өткен жылда қалыптасқан осындай көрсеткіштен 16,1%-ға көп болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылар (алушылардың) шоттарына есепке алынған «таза» инвестициялық кірістің сомасы (комиссиялық

сыйақыларды қоспағанда) 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 408,9 млрд. теңгегені құрады. Ағымдағы жылдың басынан бастап «таза» инвестициялық кірістің өсім сомасы 101,9 млрд. теңгеге (33,2%) құрады, оның ішінде мамыр айында өсім сомасы 28,0 млрд.теңгені (7,4%) құрады.


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі 1.01.2008 – 1.06.2009 жж. кезеңінде мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.08	1.01.09	1.06.09	Бір жылда өсім сомасы	Бір жылда өсудің қарқыны (%-бен)
Жинақталған зейнетақы сомасы	1 208,1	1 420,5	1 621,2	200,7	14,1
Зейнетақы жарналары	912,1	1 184,7	1 302,0	117,3	9,9
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	307,0	408,9	101,9	33,2
Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі	28,1	21,6	25,2	-	3,6 (%-дық тармақ)

Келтірілген кестеден көріп отырғандай, жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің сомасы жыл басынан бастап 200,7 млрд.теңгені құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 40,1 млрд. теңге болды.

2009 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» - 474,4 млрд. теңге (29,3%), «МЖЗҚ» – 277,2 млрд. теңге (17,1%) «ҰларҮміт» - 219,5 млрд.теңге (13,5%) және «БТА Қазақстан» - 201,4 млрд.теңге (12,4%) құрады немесе жиынтығында осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,3% келеді. Мамыр айында үлес 0,2 пайыздық тармаққа қысқарды.

#### Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражаттарының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны әрі аудармағаны және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударымдарды жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл сомасы 2009 жылғы 1 маусымда 10,0 млрд. теңгені құрады. Бір жылда жалпы өсімпұл сомасының өсімі 1,6 млрд. теңге (19,0%) болды, оның ішінде

мамыр айында өсім 0,1 млрд. теңгені (1,0%) құрады.

Зейнетақы төлемдері мен қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 110,5 млрд. теңге болды немесе мамыр айында 2,8 млрд. теңгеге (2,6%) өскен. Бір жылда қорлар алушыларға жалпы сомасы 34,1 млрд. теңге (44,6%), оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 18,4 млрд. теңге (20,0%) болатын зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарын зейнетақы аннуитет шартына сәйкес ағымдағы жылдан бастап 309 алушыларға жалпы сомасы 508,4 млн. теңге жүзеге асырған. Сақтандыру ұйымдары алушылардың жинақтаушы зейнетақы аударылымдарының жалпы сомасы зейнетақы аннуитет шартына сәйкес 2009 жылғы 1 маусымда 956,5 млн. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша ақпаратты Агенттік сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлармен ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау салымшыларға (алушыларға) қорды өз бетімен таңдауға және зейнетақы заңнамасымен берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екіншісіне аудару 2009 жылғы мамыр айында 25,4 млрд. теңгеге (6,6%) өсіп, 412,7 млрд. теңге болды. Бір жылда жинақталған зейнетақы қаражат аударымдары 159,2 млрд.теңгеге немесе 62,8%-ға өсті, оның ішінде ағымдағы жылдың басынан бастап 87,6 млрд.теңгеге (26,9 %) өскен.

### Жинақтаушы зейнетақы қорлары активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы мамыр айында 53,2 млрд. теңгеге немесе 3,4%-ға ұлғайып, 1 620,4 млрд. теңге болды.

2008 жылғы 1 маусымнан бастап 2009 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 22,3 млрд. теңге болды.

### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



### Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің бөлінуі

ООИУПА/ НПФ	зейнетақы активтері	
	млн.теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық	475 584	29,35

<b>Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</b>		
«МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	278 295	17,17
«Жетісу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	215 676	13,31
«ҰларҮміт» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	215 676	13,53
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы	201 639	12,44
«БТА Қазақстан» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ		
«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	94 231	5,82
«Грантум» Жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)»	94 231	5,82
«Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы - «Капитал» ЖЗҚ» АҚ	64 002	3,95
«Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («Еуразиялық банк» АҚ еншілес ұйымы)	51 944	3,21
«Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ («АТФ банк» АҚ еншілес ұйымы)	47 289	2,92
«Мұнайгаз – ДЕМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	46 784	2,89
«Нур-Траст» ЗАИБЖАҰ» АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы	41 191	2,54
«Атамекен» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ «Нұрбанк» АҚ еншілес ұйымы)»	41 191	2,54
«АМАНАТ КАЗАХСТАН» ЖЗҚ» АҚ	34 262	2,11
«Қазақмыс» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	29 715	1,83
«Өрлеу» ЗАИБЖАҰ» АҚ	20 165	1,24
«Қорғау» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	20 165	1,24
«РЕСПУБЛИКА» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	19 605	1,21
<b>Барлық ЖЗҚ бойынша барлығы</b>	<b>1 620 381</b>	<b>100</b>

2009 жылғы 1 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2009 жылғы мамырда 76,9 млрд.теңгеге немесе 5,1%-ға ұлғайып 1 591,1 млрд. теңге болды.

Бұрынғыдай жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық стратегияларын ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының пайдасына бағытталған. 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен (472 577 млн. теңге) 29,7%-ды құрады және 2009 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша осындай көрсеткішке қатысты 2,1%-ға немесе 9,5 млрд. теңгеге өсті.

### ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.05.2009ж.		1.06.2009ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>463 044</b>	<b>30,6</b>	<b>472 577</b>	<b>29,70</b>
ҚР еурооблигациялары	0	0,0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	417 250	27,6	428 703	26,94
Ұлттық Банктің ноттары	45 794	3,0	43 874	2,76
<b>Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>160 767</b>	<b>10,6</b>	<b>196 491</b>	<b>12,35</b>
акциялар	41 545	2,7	43 909	2,76
облигациялар	119 222	7,9	152 582	9,59
<b>Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0,0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>68 473</b>	<b>4,5</b>	<b>92 059</b>	<b>5,79</b>
<b>Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>73 355</b>	<b>4,9</b>	<b>88 025</b>	<b>5,53</b>
Тазартылған алтын	4 531	0,3	0	0
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>662 189</b>	<b>43,7</b>	<b>651 801</b>	<b>40,96</b>
акциялар	168 953	11,1	193 231	12,14
облигациялар оның ішінде:	493 236	32,6	458 570	28,82
шетелдік валютада номинирленген	56 959	3,8	22 428	1,41

теңгемен номинирленген	436 277	28,8	436 142	27,41
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>79 852</b>	<b>5,3</b>	<b>86 716</b>	<b>5,45</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>	<b>1 988</b>	<b>0,1</b>	<b>3 461</b>	<b>0,22</b>
<b>Жиынтығы</b>	<b>1 514 199</b>	<b>100</b>	<b>1 591 130</b>	<b>100</b>

### Қорлардың номиналды кіріс коэффициенті туралы мәліметтер

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 2004 жылғы мамыр - 2009 жылғы мамыр кезеңіне - 44,26%. Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 40,08% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 62,87%);

- 2006 жылғы мамыр – 2009 жылғы мамыр кезеңіне - 20,75% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 39,38%);

- 2008 жылғы мамыр – 2009 жылғы мамыр кезеңіне - 1,13% (осыған ұқсас кезеңге жинақталған инфляция деңгейі – 8,40%).


Ағымдағы жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кіріс коэффициентінің өзгеруі өткен айдың көрсеткішімен салыстырғанда мынадай тәсілмен сипатталды:

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 60 айда 2,17 пайыздық тармаққа өсті;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 36 айда 0,25 пайыздық тармаққа төмендеді;

- номиналды кіріс коэффициенті бойынша 12 айда 0,03 пайыздық тармаққа төмендеді.

### Қорлардың зейнетақы активтері мен номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



### Қорлардың қаржылық жағдайы

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлардың жиынтық капиталы 66,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жарғылық капитал - 37,1 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың көлемінен - 55,9%. 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 73,1 млрд. теңге және ағымдағы жылдың басынан актив сомасы 8,7 млрд. теңге (13,5%) өскен.

2009 жылғы мамырда 2 қор («АМАНАТ Қазақстан» және «Республика») жалпы сомасы 0,4 млрд. теңге зиян шекті, сонымен қатар 12 қор жалпы сомасы 16,2 млрд. теңге пайда тапты. 2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлардың таза

пайдасының жалпы сомасы 15,8 млрд. теңге, оның ішінде ағымдағы жылғы мамырда 3,6 млрд. теңге таза пайда алды.

2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қорлардың меншікті активтерінің есебінен қаржы инвестициялары 58,8 млрд. теңге құрады немесе қорлардың жиынтық активтерінің 82,8% болды.

Қорлар меншікті активтерін инвестициялардың жалпы көлемінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарға - 50,7%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарға – 0,9%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 21,9%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына - 5,5%, «Кері РЕПО» операцияларына - 4,5% инвестициялады, екінші деңгейдегі банк салымдарына - 4,6%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға – 11,8% орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

<b>Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің динамикасы</b>	<b>1.01.05</b>	<b>1.01.06</b>	<b>1.01.07</b>	<b>1.01.08</b>	<b>1.01.09</b>	<b>1.06.09</b>
ЖІӨ млрд. теңгемен (Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	5 870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	15 936,5	16 724,1*
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	8,2	8,7	9,0	9,4	8,9	9,7
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ қатынасы, %- бен	6,5	6,9	6,7	7,1	7,4	7,8
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	2,0	2,1	2,5	2,6	1,9	2,4
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %- бен	0,1	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4

\* - болжам деректер